

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

Қолжазба құқығында

Әбілдаев Қуаныш Әділбайұлы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КАДР
САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ
БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ЖОЛДАРЫ**

«7M04105 – мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы
«7M041 - бизнес басқармасы дайындау бағыты бойынша»

«7M04105 – мемлекеттік саясат» білім беру
бағдарламасы бойынша бизнес және басқару магистрі
дәрежесін алуға арналған магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Е.Қ. Әбіл, э.ғ.к

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2024 ж.

Басқару институтының директоры: _____ З.С. Гаипов с.ғ.д

Астана, 2024 ж

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
НЕГІЗГІ БӨЛІГІ	8
1-тарау. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік кадр саясатының ағымдағы жай-күйін талдау.....	11
2-тарау. Мемлекеттік кадр саясатын жетілдіру жөніндегі шаралар.....	17
3-тарау. Мемлекеттік қызметте білікті мамандардың тұрақтылығын қамтамасыз ету.....	26
«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік кадр саясатын жетілдіру және мемлекеттік қызметтегі білікті мамандардың тұрақтылығын қамтамасыз ету» тақырыбындағы магистрлік зерттеу бойынша expertтік сұхбат.....	31
ҚОРЫТЫНДЫ	40
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ	42
ҚОСЫМШАЛАР	46

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

- «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделінің тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 119 Жарлығы;

- Мемлекеттік қызметті өткерудің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығы;

- «Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы 15 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №522 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту» Жарлығы;

- 2024 жылғы 14 наурыздағы «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» Ұлттық құрылтайдың екінші отырысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев;

- «Адамға бағдарланған» мемлекеттік басқару моделіндегі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және тұлғалық болмысы жайлы доктринасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлығы;

- Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің басшы және атқарушы құрамының арақатынасын айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 29 тамыздағы № 176 бұйрығы.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Агенттік	– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
АГУ	– Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
Е-қызмет	– «Е-қызмет» интеграцияланған ақпараттық жүйесі
Қытай	– Қытай Халық Республикасы
ЖАО	– Жергілікті атқарушы орган
МҚЗПБ	– Мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың ұлттық орталығы
РК	– Қазақстан Республикасы
ПБҚ	– Персоналды басқару қызметі (кадр қызметі)
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
АМО	– Аумақтық мемлекеттік орган
ФРГ	– Германия Федеративтік Республикасы
ЦГО	– Орталық мемлекеттік орган
HR	– Human Resources
NPM	- New Public Management
NPS	- New Public Service

КІРІСПЕ

«Қазақстан – 2050» қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясының негізгі міндеттерінің бірі кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру болып табылады [1].

Соңғы жылдары тез шешім қабылдау мен бизнес-процестерді жақсарту жолдарын іздеу мәселелері экономиканың барлық секторлары үшін маңызды сұрақтардың біріне айналды.

Дегенмен бұл кезең әрі қарай даму мүмкіндіктерін анықтауға және Мемлекеттік қызметтің әлеуетін анықтауға мүмкіндік ашады деп, айтуға толық негіз бар.

Зерттеудің өзектілігі мен проблемасы.

Кез келген мемлекеттің дамуы мемлекеттік қызметкерлердің сапасы мен кәсібилігіне тікелей байланысты.

Қазіргі заманғы сын-қатерлер мемлекеттік қызметшілерден, жоғары құзыреттілікті және әртүрлі міндеттерді шешуге дайындықты талап етеді.

Сонымен қатар, жаһандық экономика ресурстарды тиімді басқаруға және күрделі міндеттерді шеше білетін қабілетті мемлекеттік қызметшілердің келуіне мүдделі.

Алайда, мемлекеттік қызметтегі білікті кадрлардың жетіспеушілігі мемлекеттік органдардың алдына қойылған міндеттерді орындауда қиындықтарға әкелуде.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметте жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі қазіргі жағдайдың әртүрлі аспектілеріне айтарлықтай әсер етуде.

Білікті мамандардың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік кадр саясатын қайта қарауды және одан әрі дамытуға бағытталған зерттеулер жүргізу уақыттың сұранысы.

Аталған проблеманың шешу жолдарын айқындау үшін «Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға» дейінгі Тұжырымдамасы қабылданды.

Онда азаматтар мен олардың әл-ауқаты басты құндылықтар болып табылатын мемлекеттік басқарудың сервистік және «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру міндеті қойылды [2].

2022 жылы «Қоғамдық пікір» зерттеу институтымен **«Қазақстанда институттарды қалыптастыруға және басқарушылық шешімдер қабылдауға ұлттық мәдениеттің әсері туралы»** тақырыбында жүргізілген зерттеуі келесі анықталған мәселелерге назар аудартады.

Бірінші. Ғалымдар, сарапшылар, тәжірибелі адамдар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері мемлекеттік басқару саласындағы біршама үрдістер **әлеуметтік-мәдени факторларға, құндылықтық басымдықтарға, менталитетке** байланысты екенін көрсеткен [3].

Екінші. Қоғамда «Әділеттілік пен тең мүмкіндіктер» сұранысының пісіп жетілгенін, сонымен қатар, тарихи құндылықтарды қайта қарастырып, «жаңа саяси мәдениетті» қалыптастыру қажеттігі анықталған.

Бұл тұрғыда «жаңа саяси мәдениетті» ұлттық-мәдени дәстүрлерді, құндылық бағдарларды ескере отырып, бейімдеу деген мағынада түсіну керек.

Көтеріліп отырған жаңа мәдениеттің болмысын 2024 жылғы 14 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты тезисімен айқындап берді [4].

Үшінші. «Қоғамдық пікір» зерттеу институтының есебінде қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруының төмен деңгейі, сондай-ақ еңбек құндылықтарын, білімге құштарлықты, моральдық-адамгершілік нормаларды қоғамдық санаға орнықтыру қажеттілігі көрсетілген [5].

Осылайша, қоғам алдында мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру үшін шешендік дағдыларды үйрену, коммуникативтік құзыреттерді дамыту, саяси технологияларды қолдану және медиация тәсілдерін меңгеру секілді біліктілік дағдыларды дамытудың маңыздылығы атап өтілген.

Жұмыстың мақсаты: Мемлекеттік органдардың кадр құрамының тиімділігі мен тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтау және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік кадр саясатын жан-жақты талдау, сондай-ақ персоналдың біліктілігін арттыру үшін ынталандыру тетіктерін қарастыра отырып тәжірибелік ұсынымдарды әзірлеу.

Жобаның міндеттері:

- мемлекеттік сектордағы кадр мәселелері саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын талдау;
- мемлекеттік қызметте кадрларды іріктеу және ілгерілету бойынша халықаралық және ұлттық тәжірибеге салыстырмалы талдау жүргізу;
- Қазақстан Республикасында мемлекеттік кадр саясатын жетілдіру жөнінде шаралар мен ұсынымдар ұсыну;
- Мемлекеттік кадр саясаты саласындағы одан әрі іс-қимылдар үшін негізгі қорытындылар мен ұсынымдар келтірілетін қорытынды тұжырымдау.

Зерттеу нысаны - Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық басымдықтары мен елдің халықаралық міндеттемелерін ескере отырып, Мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге басты назар аудару.

Зерттеу пәні: Мемлекеттік органдардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету және білікті мамандарды тарту мақсатында олардың кадрлық әлеуетін қалыптастыру, дамыту және басқару тетіктері.

Зерттеудің әдістемелік негіздері: Статистикалық ақпараттар және түрлі бағытта әзірленген аналитикалық материалдар мен жүргізілген сауалнамалар мен эксперттерден алынған сұхбаттарға талдау болып табылады.

Жобаны әзірлеу кезінде осы саладағы проблемалардың шешу жолдары халықаралық тәжірибиелердің әдістерін қолдана отырып, салыстырылды.

Мемлекеттік қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерді талдау және кадр саясаты бағытындағы сарапшыларға сараптамалық сауалнама жүргізілді.

Теориялық маңыздылығы: Тез өзгертін экономикалық және әлеуметтік орта жағдайында білікті мамандарды тарту, ұстап қалу және дамыту мемлекеттік кадр саясатын стратегиялық тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тәуелді.

Кадрды ынталандыру тетіктері мен оқытудың қазіргі заманғы әдістерін дамыту - қоғамның сын-тегеуріндері мен қажеттіліктеріне тиімді жауап бере алатын тұрақты кадр базасын құруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік құрылымдарда персоналды басқарудың заманауи әдістерін бейімдеу арқылы инновациялық тәсілдерді енгізу мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға және білікті мамандардың тұрақты болуын қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу: Зерттеу нәтижелері ғылыми конференциялар мен семинарлардағы баяндамаларда қолданылады, сонымен қатар мемлекеттік органдар қызметкерлердің тиімділігін арттыру үшін қолдана алады.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Ашық үкімет және басқарудың **жаңа мәдениеті:** есту, түсіну, әрекет ету» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында «ақпараттық саясат призмасы арқылы ашық үкімет» тақырыбында айтылды [6].

Практикалық маңыздылығы: Мемлекеттік кадр саясатын жетілдіру және білікті мамандардың қажеттілігін қамтамасыз ету мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуі және елді дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін түйінді мәнге ие.

Бұдан басқа, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін көтеру азаматтарға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға және әкімшілік міндеттерді неғұрлым тиімді шешуге ықпал етеді.

Сондай-ақ, еңбек жағдайларын жақсартып, кез келген мәселе бойынша кешенді шаралар қабылдап, ағымдағы міндеттерді тиімді шешуге және болашақтың сын-тегеуріндеріне дайындалуға мүмкіндік береді.

Қоғамның тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдардың қажеттіліктері мен білікті мамандардың мүдделері арасындағы тепе-теңдікті сақтау аса маңызды.

НЕГІЗГІ БӨЛІГІ

Әдебиетке шолу

Адамзаттың тарихында мемлекеттің қалыптасуы **демократиялық, құқықтық және әлеуметтік аспектілеріне** бағдарланған. Кез келген мемлекеттің дамуы - білікті кадрлармен қамтамасыз етілген құзыретті мемлекеттік аппаратсыз мүмкін еместігін айқын көрсетеді.

Мемлекеттік қалыптасудың басым міндеттерінің бірі - жоғары тиімділікті қамтамасыз етуге бағдарланған және олардың тұрақтылығына негізделген мемлекеттік қызметшілерді кәсіби даярлау болып табылады.

Сонымен бірге, Мемлекеттік қызметте жоғары білікті мамандардың тұрақты болуына кепілдік беру-бұл мемлекеттік органдардың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті алғы шарт.

Қазіргі таңдағы геосаяси ахуалдың келеңсіз жағдайға түсуі және экономикалық төмендеу факторларының әсерінен, ТМД-нің көптеген елдерінде мемлекеттік қызметті жетілдіру және білікті мамандардың тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті проблемалардың біріне айналдырды.

Аталған диссертацияда жоғарыда көтерілген мәселені жан-жақты талдау үшін келесі заманауи ғалымдардың «Мемлекеттік қызметтің кадр саясаты саласында» жазған ғылыми еңбектері зерттелді:

- С.Г.Капарова «Модернизация государственной службы в Казахстане: «политический анализ»(Астана 2009) [7]. Ғалымның пайымдауынша, мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесін жетілдіру шеңберінде оны персонизациялау орынды деп көрсетілген. Әрбір мемлекеттік қызметшінің қажеттіліктеріне немесе оның біліміндегі анықталған олқылықтарға сәйкес атестациялау қорытынды бойынша оның оқуын қаржыландыру қажет. Мемлекеттік қызметшілер үшін жеке оқыту жоспарларын енгізу қажетті және олардың негізінде тиісті білім беру жоспарларын енгізу алдын ала таңдау жүргізіледі делінген (183-бет).

Әлеуметтану тұрғысынан А.К. Сәдуақасованың еңбектерінде мемлекеттік органдардың кадрлық жұмысын жетілдіру ұсынылады. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің дамуын Социологиялық талдау "(Астана, 2008) және Ж.Ж. Дәулетбаева мемлекеттік қызметшілер қызметінің сапасын бағалау: социологиялық талдау (Астана,2010). Мемлекеттік қызмет кадрларын басқарудың экономикалық тәсілі аясында экономика ғылымдарының кандидаты Т. М. Добрякова «Мемлекеттік қызмет кадрларын басқаруды ұйымдастыруды жетілдіру» (Астана, 2003) [21,б.64,99], онда кадрлық резервті қалыптастыру, аттестаттау, еңбекті ынталандыру және Мемлекеттік қызмет бойынша ілгерілету сияқты Кадрлық технологиялар зерттелді.

Қазіргі ғалымдардың тұжырымдарын зерттеу кезінде кадр саясаты бойынша бірнеше пікірлердің ұқсастығын байқауға болады.

Мысалы Н. М. Казанцев, отандық Мемлекеттік қызмет жүйесі Еуропа мемлекеттерінің мемлекеттік қызмет жүйелерімен үлкен байланыс нүктелеріне ие екендігін алға тартады [10, С. 37].

Ғалымның пайымдауынша мемлекеттік құқықтық қатынастарды қамтамасыз етуде айқын көрінетін отандық және шетелдік құқық жүйелерінің салыстырмалы бірегейлігі бола алады.

Мемлекеттік-құқықтық қайта құрулардың лейтмотиві тиімді шенеуніктердің ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптеріне бағытталған.

Бұл ретте **билік пен халық** қойған қажеттіліктер мен міндеттерге сәйкес келетін Мемлекеттік қызметтің осындай моделі таңдалғанын ескеру қажет.

Әлемдік тәжірибеде әр елдің дамуында түрлі мәдени-тарихи, әлеуметтік-экономикалық және басқа да ерекшеліктері негізінде қалыптасқан модельдері бар.

Әр түрлі зерттеушілердің пікірінше, мемлекеттік кадр саясатын басқарудың қалыптасқан дәстүрлі формалары, институционалдық тәжірибесіне байланысты әртүрлі болып келеді.

Кадр саясаты **мемлекеттік қызмет жүйесінің құрылымы, заңдылығы, көрсетілетін қызметтің нақтылығы секілді т.б. түрлі бағыттың тиімді іске асырылуына тікелей байланысты.**

Дегенмен, мемлекеттік кадр саясатын, жалпы мемлекеттік аппаратты жетілдіру жоғарыда аталғандай үнемі тоқтаусыз жүргізілетін процесс.

Кадр саясатын жетілдіру мәселесі тек кадрлық шешімдермен шектелмейтіндігін, бұл мемлекеттік қызмет құрылымында жүргізілетін кешенді жұмыс екендігін атап өткен жөн.

Мемлекеттік кадр саясаты мен «мемлекеттік қызметті» немесе «мемлекеттік аппаратты» егіз ұғым - деп қарастыру қажет.

Қазіргі кезеңде, ЭЫДҰ елдерінің мемлекеттік қызмет жүйелері өзгерістерге ұшырауда.

Бәсекелестік ортаға өкілеттіктерді беру, өнімділік және шапшаңдық элементтері жаңа мемлекеттік басқару – **New Public Management** (әрі қарай – NPM) секілді негізін құрайды [11].

Осы қиғидалардың күшейуінен Мемлекеттік сектордағы басқарудың жаңа түрі – **New Public Service** (әрі қарай - NPS) қалыптасып, жаңа мемлекеттік қызмет көрсету форматына өтуде.

NPS тұжырымдамасы бойынша азаматтар, қоғамдастық және азаматтық қоғам мемлекеттік басқарудың басты назарында болуы керек.

Мұнда мемлекеттік қызметшілердің негізгі рөлі – азаматтарды бақылау немесе бағыттау емес, олардың ортақ мүдделерін қанағаттандыруға және қалыптастыруға көмектесу.

Жаңа модель демократиялық теория тұрғысынан алғанда белсенді азаматтық ұстанымға негізделген мемлекеттік басқаруға жақын келеді. Онда азаматтар жеке мүдделермен шектелмей, **ауқымды қоғамдық мүдделерге** ден

қояды.

Бұл тәсілде мемлекеттік қызмет әдебінің маңыздылығына, мемлекеттік қызметшілердің құндылықтары мен ынталануына баса назар аударады.

NPM тамыры 1980-ші бастау алған. Осы кезең бюрократиялық тиімсіздігі мен есеп берушілігінің жоқтығы үшін жиі сынға ұшыраған мемлекеттік басқарудың дәстүрлі моделіне деген кең таралған наразылықпен ерекшеленді.

Үкіметтер қызметтерді тиімдірек және ашық көрсетуді талап ететін қысымның күшеюіне тап болған сайын, ғалымдар мен саясаткерлер жаңа тәсілді қолдай бастады.

NPM дәстүрлі мемлекеттік басқарудан ерекшелендіретін негізгі келесі принциптермен сипатталады:

Орталықсыздандыру: операциялық деңгейде икемділік пен жауаптылыққа мүмкіндік беретін шешім қабылдау өкілеттіктерін орталықсыздандыруға баса назар аударады.

Тиімділікті өлшеу: NPM үшін орталық мемлекеттік сектор қызметінің тиімділігі мен тиімділігін бағалау үшін тиімділік көрсеткіштері мен мақсаттарын пайдалану болып табылады.

Нарықтық механизмдер: жеке сектордың тәжірибесінен шабыт ала отырып, NPM қызмет көрсетуді жақсарту үшін бәсекелестік және келісімшарттар сияқты нарықтық механизмдерді қолдануға шақырады.

Клиенттерге бағдарлану: NPM азаматтардың қажеттіліктері мен қалауларын қанағаттандыруға, оларды мемлекеттік қызметтердің пассивті алушылары емес, тапсырыс берушілер ретінде қарастыруға баса назар аударады.

Менеджментализм: NPM басқарудың кәсіби әдістері мен тәжірибелерінің маңыздылығын баса көрсете отырып, мемлекеттік басқаруға басқарушылық көзқарасты алға тартады.

Мемлекеттік басқаруда NPM-ді енгізу тиімділіктің жоғарылауына, мемлекеттік сектордағы инновациялар мәдениетін дамуына, ашықтықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ жақсартылған есеп беруге айтарлықтай әсер етеді.

Қорытындылай айтқанда жаңа жүйе есеп берушілікті және тұтынушыларға бағдарлануды негізге ала отырып, мемлекеттік басқарудың дәстүрлі тәсілдерінен айтарлықтай ауытқуды білдіреді. Қазіргі заманғы басқарудың қиындықтарымен күресуді жалғастыра отырып, ҰАТ принциптері мемлекеттік басқарудың болашағын қалыптастыруда ықпалды болып қалуы мүмкін.

1 - тарау. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік кадр саясатының ағымдағы жай-күйін талдау

Мемлекеттік қызметшілердің штат саны 90 583 бірлікті құрайды (саяси – 753, әкімшілік – 89 830, «А» корпусы – 82, «Б» корпусы – 89 748), соның ішінде:

ОМО – 48 346(саяси – 419, «А» корпусы – 82, «Б» корпусы – 47 845);

ЖМО – 42 237(саяси – 334, «Б» корпусы – 41 903).

Әйелдер саны – 46 116 немесе мемлекеттік қызметшілердің нақты санынан 55,6%, оның ішінде басшы лауазымдарда – 39,3%.

Агенттіктің ресми ақпаратына сәйкес жүргізілген сауалнама жұмыстарында, респонденттердің жартысынан көбі (58%) салалық Бөлімше қызметкерлерінің тапшылығын атап өтті.

Бұл ретте, жоғары білімі бар қызметшілердің тұрақты жоғары үлесіне (92%) қарамастан, жекелеген мамандарға қажеттілік пен оларды мемлекеттік қызметте нақты бөлу арасында айтарлықтай теңгерімсіздік бар [12].




Диаграмма 2. Мемлекеттік қызметте жекелеген мамандарды бөлу және кадрларға қажеттілік.

Ескертпе: Диаграмма Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жай-күйі туралы 2023 жылғы Ұлттық баяндамадан алынған.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызметшілердің орташа жасы 39-40 жас аралығында. Бұл ретте мемлекеттік қызметтегі жастар үлесінің төмендеу серпіні жалғасуда (2018ж жастардың үлесі–24,6%, 2019 жылы -23%, 2020 жылы – 21,6%, 2021 жылы – 18,1%, 2022 жылы – 17,8%).

Диаграмма 3. Мемлекеттік қызметшілердің жасы



Ескертпе: Диаграмма Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жай - күйі туралы 2023 жылғы Ұлттық баяндамадан алынған.

Орта есеппен мемлекеттік қызметшілердің 10-12 жыл ішінде жұмыс өтілі бар.

1. Қызметкерлердің мотивациясы мен қанағаттануына әсер ететін негізгі фактор **қаржылық компонент** болып қала беруде.

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізгеніне қарамастан, тек 11,8%-ы олардың жалақысы отбасын материалдық қамтамасыз ету үшін жеткілікті деп санайды.

Оған қоса, «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2021 жылғы II тамыздағы бұйрығына сәйкес «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша бөлу жөніндегі» әдістеме бекітіліп, Мемлекеттік орган қызметкерлерін класқа бөлді [13].




Диаграмма 4. Мемлекеттік қызметшілерде кредиттердің болуы
Ескертпе: Диаграмма Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жай - күйі туралы 2023 жылғы Ұлттық баяндамадан алынған.

Мәселен, әдістемеде **мемлекеттік органда құрылған комиссияның шешімі негізінде** (әрбір мемлекеттік орган өзі құратын комиссия) «Б» корпусының әкімшілік лауазымдарын мемлекеттік органдардың үш функционалдық блокқа (А, В, С) дербес бөлуі көзделген.

Әдістемеге сәйкес, лауазымдық өкілеттіктері мемлекеттік органның миссиясы мен стратегиялық мақсаттарын іске асыруға бағытталмаған деген уәжбен мемлекеттік органдардың 30% «С» блогына ауыстырылды.

Осылайша, бір функцияны жүзеге асырып отырған адамдар екі блокқа бөлініп, мемлекеттік органдардың моральдық климаттық жағдайына кері әсер етті.

Жаңа жалақы жүйесі төменгі лауазымдардың жалақы мөлшерін **ұлғайту бағытында өзгерткен жоқ**, керісінше айтарлықтай **төмендетті**.

Егер жаңа жүйе енгізілгенге дейін, барлық төлемдерді (сыйлықақылар мен емдік жәрдемақыларды) қоса алғанда қарапайым қызметкердің жылдық орташа табыс жылына **5-6 млн теңгеге жетсе**, ал қазір табыс (сыйлықақылардың қысқартылған санымен) шамамен **4,5 млн. теңгені** құрайды.

Қазіргі уақытта қарапайым қызметкерлердің көпшілігінің қаржылық жағдайы бағаның өсуіне және несиелендіруге байланысты күрт нашарлады.

Бұл отбасын асырауға байланысты білім беру, медициналық және басқа да қызметтерді алу мүмкіндігіне теріс әсер етуде.

2. Мемлекеттік қызметшілердің тұрақтылығын қамтамасыз етудің екінші факторы тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі.

Сауалнамаға сәйкес қызметкерлердің шамамен 40% - жеке тұрғын үйі жоқ.



Диаграмма 5. Мемлекеттік қызметшілердің тұрғылықты жері
Ескертпе: Диаграмма Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жай - күйі туралы 2023 жылғы Ұлттық баяндамадан алынған.

Тұрғын үйдің жоқтығына қарамастан, қызметшілердің басым көпшілігі(87,4%) жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алу құқығын пайдаланбаған («Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі» заңының 56-бабының 2-тармағына сәйкес).

Несиелеудің дәстүрлі шарттары мен көпшіліктің кірісінің шектеулілігіне байланысты қызметкерлердің белгілі бір бөлігі ғана қолданыстағы бағдарламалар мен басқа да ипотекалық несиелер бойынша пәтер ала алады.

2022 жылдың соңында республикада бір тұрғынға тұрғын үймен қамтамасыз ету 23,4 шаршы метрді құрады [14].

Бұл мән бір адамға 30 шаршы метрді құрайтын БҰҰ стандарттарынан әлдеқайда төмен.

Бірақ іс жүзінде ұсынылған шаралар, өкінішке орай, кезекте тұрғандарды кем дегенде 50% тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін шешпейді.

Біз әлемдегі сәтті мысалдарға назар аударуымыз керек деп ойлаймын.

Сингапурдағы бағдарлама өз азаматтарының тұрғын үй мәселелерін қысқа мерзімде шешті.

Шешімнің кілті — орталық жинақ қоры (CFS) болды. Құрылған сәттен бастап әрбір сингапурлық ай сайын табысының 20 пайызын қорға аударуға міндетті.

Жұмыс берушіде ай сайын оның шотына 20 пайыз ақша аударады. Бұл жарналар бірге жалақы қорының 40 пайызына тең қомақты соманы құрайды.

Сингапурдағы мемлекеттік тұрғын үй 99 жылдық жалдау шартымен тұрғын үй және даму кеңесінің кеңсесінде орналасқан. Жылжымайтын мүлікті сату мүмкіндігімен ұзақ мерзімді жалға алу Жылжымайтын мүлік нарығында «сабын көпіршігі» қаупін азайтуға мүмкіндік береді.

Ал, біздің мемлекеттік органдардың өзінде тұрғын үйді қамтамасыз етуге бағытталған ынталандыру бағдарламалары мүлдем жоқ.

3. Кадр тұрақтылығына әсер ететін үшінші фактор қызметкерлерді Әлеуметтік пакетпен қамтамасыз ету мәселесі. Қызметкерлердің 59,7%-ы денсаулығына байланысты проблемаларды бастан кешіреді (соның ішінде стресс, қайта өңдеу, отырықшы өмір салты және т.б.) [15].

Бұл ретте қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің көпшілігінде (79,9%) жекелеген медициналық мекемелерде қызмет алу мүмкіндігі жоқ.

Ал тегін абонемент берілген қызметшілердің үлесі спортпен айналысуға 11,7% ғана құрайды.

Астана қаласының өзінде, Жоғарғы мемлекеттік орган қызметкерлері ғана Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығының ауруханасында қаралуға құқылы.

Ал, орталық және жергілікті атқарушы органдарда жұмыс жасайтын қызметкерлерде бұндай мүмкіндік қарастырылмаған.

Сонымен қатар, «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі» атты ұлттық жоспар аясында салынып жатырған спорттық объектілер пайдалануыз

тұрғандығын атап өту керек.

Осы ретте, спорттық объектілерді өз өзін қаржыландыру мәселесін түпкілікті шешу үшін жеңілдетілген абонементпен қызметкерлерді қамтамасыз ету мәселесін қарастырған орынды болар еді.

4. Эмоционалды күйіп қалуға және кадр тұрақтылығына әсер ететін төртінші фактор - кадрлардың тиімсіз тағайындалуы, басшылық лауазымның көптігі және әлеуметтік лифтің жоқтығы десек болады.

Мысал ретінде Қызылорда облысы әкімдігінің «D» және «D-O» санаттарындағы басшылық және орындаушылық құрамына Агенттік Төрағасының 2023 жылғы 29 тамыздағы №176 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің басшы және атқарушы құрамының арақатынасын айқындау қағидаларының (*бұдан әрі – Қағидалар*) талаптарына сәйкес Департаментпен жүргізілген талдауды алуға болады [16].

«Е-Қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы жүргізілген талдаудың нәтижесінде 01.01.2024 жылғы мерзімде Қызылорда облысы әкімдігінің **453** штаттық бірлігінің **192-і** басшы лауазымдар екендігі анықталған.

Яғни, басшы лауазымдар, саяси қызметкерлерді қоспағанда **43 пайызды** құрайды, қарапайым қызметкерлердің **тең жартысына** сәйкес келеді.

Сондай-ақ, басқарушылықта жұмыстардың біркелкі жүктелмеуі жиі кездесетін жағымсыз жағдай. Әдетте маңызды тапсырмалар неғұрлым жауапты және білікті қызметкерлерге тиісті материалдық өтемақысыз жүктеледі.

Оған қоса, мемлекеттік қызметте «Меритократия қағидаты» мүлдем жұмыс істемейтін жағдайға келдік [17].

Әрине, мемлекеттік қызметтегі меритократияның негізі «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңы аясында қаланған.

Өкініштісі адамдар өз таланттары мен білімдері бойынша емес, негізінен таныс және туыстық жағынан жоғарылайды.

Сонымен қатар, басшылық тарапынан болып жатқан өзгерістердің себептерін түсіндірусіз қабылданатын жағдайлар тәжірибиемізде өте кең таралған.

Қызметкерлердің пікірлерін елемеудің салдары олардың ұйым ішінде туындайтын проблемаларға немқұрайлықпен қарауына әкеледі. Яғни өндірістік міндеттерді шешуге дайын біртұтас команда қалыптаспайды деген сөз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, SWOT талдауы жүргізілді, онда мемлекеттік қызмет кадрларының қазіргі жағдайының негізгі артықшылықтары, сондай-ақ сыртқы ортаның қауіптері мен мүмкіндіктері көрсетілген.

<p>Күшті жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жоғары білімі бар қызметкерлердің жоғары үлесі • Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің тұрақты өкілдігі • Мемлекеттік қызметке үміткерлер санын арттыру 	<p>Әлсіз жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> • Салалық бағыттар бойынша бейінді мамандардың тапшылығы • Мемлекеттік қызмет персоналының қартаюуы • Жекелеген мемлекеттік органдарда жоғары ауысымдылық • Мемлекеттік бөлімшелердің адами ресурстардың біркелкі емес таратуы • Қайталанатын және артық міндеттердің, функциялардың, өкілеттіктер мен құзыреттердің болуы • Нормативтердің болмауы персонал саны
<p>Мүмкіндіктер</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мемлекеттік аппаратты жасарту (ПМКР, өңірлік резерв, ЖОО түлектерін конкурстан тыс тағайындау және т. б.) • Құрылымдық бөлімшелердің, сондай-ақ негізгі және қосалқы персоналдың санын нормалау • Дебюрократизация және цифрландыру арқылы қайталанатын функцияларды алып тастау • Теңгерімсіздікті жою • қызметкерлерді стратегиялық жоспарлауға көшу есебінен мамандарды бөлу <p>Жеке функцияларды қысқарту арқылы қызметкерлердің ауысуын азайту</p>	<p>Қауіптер</p> <ul style="list-style-type: none"> • Өсімге байланысты жоғары білікті мамандар үшін мемлекеттік қызметтің тартымдылығын төмендету экономиканың басқа секторларындағы жалақы • Нарықта ұсыныстардың және жоғары оқу орындарында оқу бағдарламаларының болмауына байланысты жекелеген тар мамандардың тапшылығы • Жас ұрпақтың құндылықтарының өзгеруіне байланысты Мемлекеттік қызметке қызығушылықтың төмендеуі • Персоналдың төмен ауысуына байланысты кадрлық тоқырау • Конкурстан тыс тағайындаулар ұлғайған кезде командалық қозғалыстардың ұлғаю қаупі • Кадр құрамының тұрақсыздығы және жоғары болған кезде институционалдық жадының жоғалуы жекелеген мемлекеттік органдарда ауысымдылық

2-тарау. Мемлекеттік кадр саясатын жетілдіру жөніндегі шаралар

Мемлекеттік қызметті реформалау – таңдалған әлеуметтік-экономикалық және саяси модельді қоғамға енгізу мақсатында жүзеге асырылатын үздіксіз үдеріс.

Бұл орайда, әлеуметтік-экономикалық және индустриалды-инновациялық даму бағдарламаларының тиімділігі мен табыстылығына жету үшін мемлекеттік қызмет жүйесін реформалау кадрлық саясатты жаңғырту мен жетілдіруден басталады.

Әлемдік жүйе бойынша ескі мемлекеттік басқару

Макс Вебердің идеяларының әсерінен 20 ғасырдың көп бөлігінде мемлекеттік басқаруға деген басым көзқарас иерархия мен меритократияның егіз принциптеріне негізделген **бюрократия моделіне** сүйенді.

Ол бастапқыда **19 ғасырдың аяғында** Ұлыбритания Мен Пруссиядағы патронаттық басқару жүйелерін еңсеру мақсатында кең ауқымды бюрократиялық реформа енгізілді.

Бұл тәсілдің ерекше белгілері. Ол **орталықтандырылған** бақылауға сүйенді, ережелер мен нұсқаулықтарды белгіледі, саясатты жүзеге асырудан бөлді және **иерархиялық ұйымдық құрылымды** қолданды (Осборн, 2006) [20].

Бақылау сөздері бюджеттік және кадрлық ресурстарды басқару. Маккорт (2013)[21].

Осы модельдің орталық ерекшеліктері:

- Бір жағынан **саясат пен сайланған саясаткерлер**. Екінші жағынан **әкімшілік пен тағайындалған әкімшілер** арасындағы айырмашылық;
- Әкімшілік үздіксіз, болжамды басқарылады;
- Әкімшілер біліктілік негізінде тағайындалады және оқытылған мамандар болып табылады;
- Функционалды еңбек бөлінісі, міндеттер мен адамдар иерархиясы бар;
- Ресурстар ұйымда жұмыс істейтін адамдарға емес, ұйымға тиесілі;
- Мемлекеттік қызметкерлер жеке мүдделерге емес, мемлекеттік мүдделерге қызмет етеді.

Мемлекеттік басқарудағы бұл **«командалық-басқару»** тәсілі - бүкіл әлемде **отаршылдық кезінде** орын алды. Содан кейін, **достастық елдерінің көпшілігінде** тәуелсіздік алғаннан кейін, енгізілген бюрократиялық жүйелердің тірек нүктесі болды.

Басқа елдер бұл модельдің нұсқаларын, ең алдымен, орталықтандырылған бюрократиялық модель бойынша мемлекеттік тағайындауларға саяси факторлар әсер ететін Француз және Жапон тәжірибелеріне сүйене отырып енгізді.

Аталған тәсіл Сингапурда тәуелсіздік алғаннан кейін, тиімді жақсы

жұмыс істеді.

Бірақ, соңғы жылдары көптеген **постколониялық мемлекеттер басқару сапасы мен мемлекеттік басқарудың тиімділігінің төмендеуін** бастан кешіруде, өйткені **неопатримониялық қысым** өзін-өзі растады.

Ал мемлекеттік ресурстар мен мемлекеттік тағайындаулар саяси қайраткерлер мен олардың ізбасарларының жеке ықпалына ұшырады (Маккорт, 2013) [22].

1980-ші жылдардан бастап көптеген дамушы елдердегі мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметті реформалау әрекеттері тиімді дамудың бастапқы нүктесі ретінде мемлекеттік басқарудың орталықтандырылған, бюрократиялық моделін қабылдауды жалғастырды.

Көптеген мемлекеттік бюрократиялар **ісінген, тиімсіз және өзімшіл** болып саналды, олар негізінен экономиканың негізгі саяси факторларымен қалыптасады (Ролл, 2014) [23].

Құрылымдық қайта құру бағдарламаларының қаржылық императивтері көбінесе мемлекеттік қызмет санын азайтуға, департаменттер мен агенттіктердің санын ұтымды етуге және жалақы мен жұмыспен қамту реформаларын жүргізуге бағытталған (Нанберг пен Неллис, 1995) [24].

Бұл реформалар мемлекеттік шығындарды азайтуға және Үкіметтің көлемі мен ауқымын шектеуді көздейді. Алайда **орталықтандырылған және иерархиялық** Мемлекеттік қызметтің Вебер моделінен айтарлықтай ерекшеленбейді.

Бұлай реформалардың жүргізілудің мақсаты - жаңа модельмен жаппай алмастырудан гөрі, ескі мемлекеттік басқару жүйесінің арзан нұсқасын жасау.

Қазіргі таңда, дамушы мемлекеттер ескі тәсілдің тиімсіздігін **толық мойындап**, мемлекеттік қызметтің (NPM) **Жаңа тәсіліне бет бұрып отыр.**

Осы тәсіл барлық кадрлық басқару модельдерінің ішінде ең келісімдісі болуы мүмкін.

Мұның бәрі мемлекеттік басқарудың басты бағыты азаматтар, қоғамдастық және азаматтық қоғам болуы керек деген алғышарттан басталады.

Бұл тұжырымдамада мемлекеттік қызметшілердің басты рөлі - азаматтарға қоғамды бақылауға немесе басқаруға емес, олардың ортақ мүдделерін айқындауға және қанағаттандыруға көмектесу болып табылады (Денхардт, 2000) [25].

Мемлекеттік менеджерлер мен тапсырыс берушілер арасындағы мәмілелер жеке мүдделерді көрсететін және нарықтық принциптермен тұжырымдалатын NPM тәсілінің философиялық алғышарттарынан күрт айырмашылығы бар.

Философия мен көзқарастағы, айырмашылықтар 1-Кестеде келтірілген.

Мемлекеттік менеджерлер азаматтармен серіктестікте делдалдыққа, келіссөздерге және күрделі мәселелерді шешуге көбірек көңіл бөлу үшін саяси шешімдерді іздеуде қоғамды бақылау немесе басқару мүмкіндіктерінен тыс дағдыларды игеруі керек.

Сонымен, NPS тәсілі сонымен бірге мемлекеттік қызметшілердің жалпы қоғамдық игілікке арналған құндылықтары мен уәждеріне баса назар аудара отырып, мемлекеттік қызмет этикасының маңыздылығын растайды (Денхардт, 2000) [26].

Кесте 1. Перспективаларды салыстыру:

	Ескі мемлекеттік басқару	Жаңа Мемлекеттік Басқару	Жаңа Мемлекеттік Қызмет
Теориялық негіздері	Саяси теория, аңғал әлеуметтік ғылым	Экономикалық теория, позитивист әлеуметтік ғылымдар	Демократиялық теория
Адамның мінез-құлқының ұтымдылығы және модельдері	Бірінші әкімшілік ұтымдылық, екінші қоғамдық мүдде	Техникалық-экономикалық ұтымдылық, жеке мүдде	Стратегиялық ұтымдылық, азаматтардың қызығушылығы
Қоғамдық мүдде тұжырымдамасы	Саяси, заңмен бекітілген	Жеке мүдделерді біріктіру	Ортақ құндылықтар туралы диалог
Мемлекеттік қызметкерлер кімге жауап береді?	Клиенттер мен сайлаушылар	Клиенттер	Азаматтар
Үкіметтің рөлі	«Ескек есу», іске асыру саяси белгіленген мақсаттарға бағытталған	Нарықты ашудың катализаторы ретінде қызмет ететін «руль» күштер	Азаматтар арасындағы мүдделерге» қызмет ету», келіссөздер жүргізу және делдалдық ету
Саясаттың мақсаттарына қол жеткізу тетіктері	Мемлекеттік органдар арқылы бағдарламаларды басқару	Жеке және коммерциялық емес агенттіктер арқылы ынталандыру тетіктерін құру	Мемлекеттік және коммерциялық емес жеке агенттіктердің коалицияларын құру
Есептілікке көзқарас	Иерархиялық-сайланған басшыларға жауапты әкімшілер	Нарыққа деген ұмтылыс-нәтижелер жеке мүдделердің жинақталуының нәтижесі болып табылады	Көп қырлы-заңды, құндылықтарды, кәсіби нормаларды және азаматтардың мүдделерін басшылыққа алатын мемлекеттік қызметшілер
Әкімшілік дискреция	Мемлекеттік қызметкерлерге берілген шектеулі өкілеттіктер	Кәсіпкерлік мақсаттарға жету үшін кең ендік	Өз қалауы бойынша әрекет ету қажет, бірақ шектеулі және есеп береді
Болжалды ұйымдық құрылым	Жоғарыдан төменге қарай өкілеттігі бар және клиенттерді бақылайтын бюрократиялық ұйымдар	Агенттік шеңберінде алғашқы бақылауы бар орталықтандырылмаған қоғамдық ұйымдар	Ортақ көшбасшылықпен бірлескен құрылымдар
Мемлекеттік қызметшілердің болжамды уәждемелік негізі	Жалақы және жәрдемақы, мемлекеттік қызметті қорғау	Кәсіпкерлік рух, үкіметтің мөлшері мен функцияларын азайтуға деген ұмтылыс	Мемлекеттік қызмет, қоғамға өз үлесін қосуға деген ұмтылыс

Кадр саясатын басқарудағы мемлекеттік қызмет жүйесінің

халықаралық тәжірибиелерге шолу:

Мемлекеттік қызметті дамытуда Сингапур, Ұлыбритания, Канада, Оңтүстік Корея, АҚШ, ҚХР сияқты елдердің тәжірибесін мысалға алуға болады.

Сингапур үкіметінің кадрлық саясаты үш басты қағидаға негізделеді:

- мемлекет үшін таланттар мен көшбасшылықтың стратегиялық маңыздылығы және негізгі рөлін түсіну;
- меритократия – қызметкерлерді олардың кәсіби, іскерлік қасиеттері негізінде іріктеу және ілгерілету жүйесі;
- көшбасшыларға қойылатын негізгі талап – адалдық пен шынайылық.

21 ғасырдағы мемлекеттік қызмет (Public Service for the 21st Century (PS21)) бағдарламасы өзгеріс құралдарының бірі болды. Ол мемлекеттік қызметшілердің ойлау парадигмасын өзгертуге бағытталды [27].

Сингапур мемлекеттік қызметінің негізгі мақсаты – ұлт пен мемлекетке адал қызмет ету. Мемлекеттік қызметтің негізгі құндылықтары – **адал ниеттілік** (Integrity), **қызмет көрсету** (Service) және **кемелдікке ұмтылу** (Excellence).

Бұл құндылықтар мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын анықтайды және оларды өз міндеттерін адал орындауға, отандастарына көмектесу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға шақырады.

Осы құндылықтарды ұстану Сингапур мемлекеттік қызметінің басқару саласындағы халықаралық беделінің өсуіне ықпал етті.

Бұл құндылықтар Үкіметтің нұсқауларында (IM) бекітілген, сонымен қатар мемлекеттік қызметтегі жаңартылған мінез-құлық Кодексіне енгізілген.

Мемлекеттік қызметшілердің ойлауы мен құндылықтарының өзгеруіне Сингапурдың білім беру жүйесі басты рөл атқарды. Мемлекеттік қызметшінің іргелі құндылықтары мен бейнесін қалыптастыратын мектеп жүйесіне ерекше мән беріледі.

Оқушыларды оқыту мен дамыту әдістемесіндегі айырмашылықты екі жоғарғы мектептен байқауға болады. Олар: Anglo-Chinese School и Raffles School.

Бұл мектептердегі білім беру әртүрлі. **Raffles мектебі** дәстүрлі түрде жан-жақты және жүйелі ойлай алатын ғалымдарды (scholars), яғни кейін министрлерге, мемлекеттік құрылымдар, әртүрлі ұйымдар қызметкерлеріне айналатын адамдарды дайындайды.

Anglo-Chinese мектебі үздік банкирлерді, кәсіпкерлерді дайындап шығарады. Мұнда стандартты емес, ерекше ойлау қабілеті мен шығармашылыққа назар аударылады. Сингапурдың үздік дәрігерлері, адвокаттары, банкирлері дәл осы мектептің түлектері.

Ұлыбританияда мемлекеттік қызметтің негізгі құндылықтары мен барлық

мемлекеттік қызметшілер ұстанатын мінез-құлық стандарттары Азаматтық қызмет Кодексінде (The Civil Service Code) сипатталған. Мемлекеттік қызметтің негізгі құндылықтарын мыналар құрайды [28]:

- адал ниеттілік (integrity) – мемлекеттік қызметтің мүдделерін жеке мүддеден жоғары қою;
- адалдық (honesty) – шыншыл және ашық болу;
- объективтілік (objectivity) – дәлелдемелерді мұқият талдау арқылы шешім қабылдау;
- бейтараптық (impartiality) – тек істің нақты мәні бойынша әрекет ету және халыққа адал қызмет ету.

Канадада мемлекеттік қызметтегі құндылықтар және әдеп қағидалары Мемлекеттік қызметтегі құндылықтар мен этика Кодексіне (Values And Ethics Code For The Public Service) біріктірілген. Соған сәйкес, мемлекеттік қызметшілер өз жұмысында және кәсіби мінез-құлқында мемлекеттік қызметтің келесі құндылықтарын басшылыққа алуы тиіс:

- демократиялық құндылықтар (Democratic Values) – шенеуніктерге заңға сәйкес азаматтардың мүдделеріне қызмет етуге көмектесу;
- кәсіби құндылықтар (Professional Values) – құзырет аясында, кәсіби шеберлікпен, тиімді, объективті және бейтарап қызмет ету;
- әдеп құндылықтары (Ethical Values) – әрқашан азаматтардың сенімінен шығатындай әрекет ету;
- адами құндылықтар (People Values) – азаматтармен де, мемлекеттік қызметшілермен де қарым-қатынаста әділетті және сыпайы болу.

Әдеп құндылықтарының (Ethical Values) негізгі идеясы – «азаматтардың сеніміне ие болу».

АҚШ-та әдеп құндылықтарына арналған «**Атқарушы органдар жүйесіндегі мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының әдеп нормалары**» (АҚШ әдеп Кодексі) деп аталатын арнайы нормативтік құжат бар. АҚШ-тың мемлекеттік органдары қызметтік Әдеп басқармасының бұл директивасы федералдық нормалар жинағы саналады [29].

АҚШ әдеп Кодексінде құндылықтар декларацияланбайды, бірақ мемлекеттік қызмет принциптері «қоғамдық борыш» және «адал ниеттілік» сияқты ұғымдармен байланыстырылады.

Оңтүстік Кореяда мемлекеттік қызметтің құндылықтары этикалық, демократиялық, кәсіби және адами деп төрт бағытта қарастырылады:

- **этикалық** – тұтастық, әділдік, есептілік, озықтық, құрмет, адалдық, сатылмаушылық;

- **демократиялық** – заңның үстемдігі, бейтараптық, есептілік, ашықтық, ықыластылық, таңдаулылық, заңдылық;

- **кәсіби** – тиімділік, нәтижелілік, қызмет көрсету, көшбасшылық, шеберлік, жаңашылдық, сапа, шығармашылық;

- **адами** – қамқорлық, әділдік, толеранттылық, әдептілік, жанашырлық, батылдық, мейірбандық, адамшылық.

Қытайда ежелгі заманнан жоғары деңгейде бюрократиялық элитаны дайындайтын арнайы мектептер болған.

Дәстүрлі басқарушылық білім Конфуций ілімдерімен тығыз байланысты.

Конфуцийдің ілімі екі мың жыл бойы Қытай қоғамының рухани өмірінің негізі, оның әлеуметтік-экономикалық дамуына едәуір ықпал еткен «**мемлекеттік дінге**» айналды десе де болады.

Қытайда мемлекеттік қызметшілерге адал, халыққа шынайы сеніммен қызмет ету, ер мінезді, еңбекқор, прагматик, жауапкершілікті өз мойнына алуға қабілетті болу талаптары қойылады.

Осыған байланысты мемлекеттік қызметке іріктеу кезінде үміткерлер кәсіби дағдылы, сондай-ақ саяси сауатты, әдепті болуы және ең алдымен адамгершілікті басшылыққа алуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер жоғары идеалдарымен және көзқарастарымен, сондай-ақ мемлекетшілдік санамен ерекшеленеді.

Бұл жоғары адамгершілігі бар, білікті басқаруға қабілетті, саяси санасы жетілген, саяси адалдыққа ие бола алатын адамдар келетіндігін білдіреді.

Мемлекеттік қызметте адамның табиғи дарыны мен оларды жетілдіру туралы сұрақтарға көп көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар, заманауи шенеуніктің адамгершілік бейнесіне, Қытайдың мемлекеттік қызметшілері арасында билікті асыра пайдаланудың негізгі себептері саналатын отбасылық тамыр-таныстықпен, кланға топтасумен және непотизммен күресуге аса мән беріледі.

«Қытайдың жас кадр қызметшілерінің табиғи қасиеттерін тәрбиелеу жөніндегі Нұсқаулығына» сәйкес, партия мүшелері мен мемлекеттік қызметшілер өнегелі мінез-құлық пен адамгершілік принциптерін ұстанудың кемел үлгісі саналуы тиіс.

Нұсқаулықта табиғи қасиеттер жеті түрлі қасиеттерде бас түйістіреді:

Олар: саяси, идеологиялық, коммуникациялық, моральдық, психологиялық, ойлау қасиеттері және қабілеттер.

Мемлекеттік қызметшілер мен кадрларды оқыту және тренингін жүзеге асыру кезінде айқындаушы саналатын **алты негізгі қағидасы** белгіленді.

Олар:

- жалпы мақсаттарға қол жеткізу үшін оқыту;

- адамшылық қабілеттерге басымдылық бере отырып, адамгершілікке баса назар аудару;

- жаппай оқыту;
- теория – практика үшін, алған білім – қолдану үшін;
- реформалар мен инновацияларды өзектендіру;
- басқарудың қатаң шараларын қолдана отырып оқытуды құқықтық реттеу.

Бұндай көзқарас Қытайдың мәдени-саяси дәстүрлерімен ұштасады.

Осылайша, мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық және кәсіби дағдыларын дамыту жүйелерін халықаралық тәжірибеде салыстырмалы талдау, бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілерді даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырудың баршаға ортақ, әмбебап – үздік тәжірибесі немесе қандай да бір үлгілі стандарттары жоқ екенін көрсетеді.

Германияда федералды- мемлекеттік қызметшілерді федералды президент немесе оның өкілі үміткерге оны тағайындау туралы хат тапсырғаннан кейін қызметке тағайындайды.

Неміс мемлекеттік қызметі сынақ мерзімін белгілеуді қарастырады, бірақ бес жылдан аспайды. Мемлекеттік қызметке сынақ мерзімі сәтті өткеннен кейін, сондай-ақ **жиырма жеті жасқа толғаннан кейін ғана** тағайындауға болады [30].

Егер Федералды **кадрлар комиссиясыарнайы** рұқсат берсе, ережелерден алып тастауға рұқсат етіледі.

Шенеуніктерді уақытша ауыстыру тәжірибесі қызықты.

Мысалы, егер бөлім басшысының өз жұмысын орындауға кедергі келтіретін себептері болса, оларға уақытша басшылар деп аталатын белгілі бір өкілеттіктері бар бір немесе бірнеше көмекшілер тағайындалады.

Сонымен қатар, егер қызметкердің пікірінше, **оған берілген жұмыс оның қабілеттеріне сәйкес келмесе немесе ол басқа жұмысты орындағысы келсе**, бұл туралы Кадрлық рефераттық топқа хабарлау керек.

Мұндай жағдайда кадр қызметкеріне қызметкермен жеке әңгімелесу жүргізу және нәтижелерді басшыға ұсыну міндеті жүктеледі.

Германияның мемлекеттік органдарының **кадрлық қызметтерінің функцияларына жұмыс жүктемесін бақылау** да кіреді.

Қызметкерге көп жұмыс беру арқылы оны шамадан **тыс жүктеуге болмайды**. Бірақ әркімнің өз қабілеттеріне сәйкес келетін белгілі бір жүктемесі болуы керек.

Қызметкер жұмыс жүктемесіне немесе шамадан тыс жүктемеге қанағаттанбаған жағдайда, ол өзінің тікелей басшысына хабарлауы керек.

Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың барлық құрылымдық бөлімдері біліктілікті арттырумен айналысатын жауапты тұлғаларды тағайындайды.

Қызметке алғаш кірген қызметкерлерге, әсіресе жас қызметкерлерге «Мемлекеттік қызметке кіру» арнайы курсына оқуға шақырылады.

Егер мемлекеттік қызметшілер қандай да бір **ағымдағы біліктілікті арттыру курстарына қатысқысы келсе**, олар кадр қызметкерін және тікелей

бастықты хабардар етуі тиіс.

Мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттырудың негізгі жүктемесін федералды үкімет басқаратын федералды мемлекеттік басқару Академиясы көтереді.

Талдаудан көріп отырғанымыздай, шетелдік мемлекеттік органдардың кадр қызметтері лауазымға іріктеуге және ілгерілетуге қатысу бойынша пәрменді функцияларға ие.

Көптеген елдердің мемлекеттік органдарында жұмыс істеу үшін кадрларды оқытудың тиімді жүйесі құрылған.

Мысалы, француздық оқыту, біліктілікті арттыру және қайта даярлау жүйесі келесі элементтермен ерекшеленеді:

1. Университеттер, заң, Саяси институттар жоғары деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерді даярлаумен айналысады. Оларға мемлекеттік органдар басшысының қызметінде қолданылатын іргелі теориялық дайындық ұсынылады. **Қызмет бойынша бірқатар сатылардан өту қажетті шарт болып табылады.**

2. Кадрларды даярлауды және қайта даярлауды мамандандырылған институттар: ұлттық мектеп, ведомстволық әкімшілік институттар жүзеге асырады. Бұл ретте нақты мемлекеттік ұйымдар мен ведомстволарға қызметшілерді даярлау мен олардың біліктілігін арттыруға бағдарланғанын атап өткен жөн.

Оқытудың дәстүрлі түріне қызметтен үзіліссіз оқыту жатады, онда олар тәжірибе алмасады, қызметтің озық әдістерін үйренеді, білімдерін жетілдіреді және іс жүзінде қызметтік міндеттерін орындай отырып, дағдыларды игереді.

Шетелдік тәжірибені талдау мемлекеттік органдарда кадр жұмысын реформалау кезең-кезеңмен жүзеге асырылуы және мыналардан тұруы тиіс екенін көрсетеді:

1. Кадр жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасын әзірлеу;
2. Тұжырымдама негізінде қазақстандық ерекшелікті ескере отырып, кадр жұмысын ұйымдастыру бағдарламасын әзірлеу;
3. Инновацияларды, құқықтық, қаржылық және ұйымдастырушылық енгізу тетіктерін қамтамасыз ету және процестер мен нәтижелерді бақылау;
4. Пилоттық жергілікті эксперименттер түрінде кадрлық жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі модельдерін сынақтан өткізу;
5. Кадр жұмысын ұйымдастыру бағдарламаларын түзету және оны эксперименттер нәтижелері бойынша нормативтік-құқықтық деңгейге шығару және эксперименттік топтар қызметінің сапасын бақылау.

Мемлекеттік қызметті қоғамдық сұранысқа бағыттайтын, кадрларды оқыту мен практикалық қызмет арасында өзара байланыс орнататын кадрлық жұмыстың жаңа моделін алу маңызды.

Осындай тәртіптің көмегімен Мемлекеттік қызметтің жоғары кәсібилігі, демек, қоғам алдында жоғары бедел, мемлекеттік қызметшінің маңызды әлеуметтік мәртебесі қамтамасыз етіледі.

Шет елдерде Кадрлық жұмыс кез-келген мемлекеттік мекеме мен ұйымның қызметінде бірінші кезектегі маңызға ие.

Кадрлық қызметтер мен басқару жеткілікті түрде қаржыландырылады. Шетелдік тәжірибе мекеменің кадр бөлімі басшысының кең өкілеттіктерінің бар екендігін көрсетті.

Қазіргі кезеңде дамыған елдерде кадрлық жұмысты дамытудың екі маңызды тенденциясы бар:

